

 SATBAYEV UNIVERSITY	«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
3-деңгейдегі СМЖ құжаты	2022 ж. «14» 04_ №4 редакция	K029-02-03.3.01 – 2022

**«К.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық
техникалық зерттеу университеті»**
Директорлар кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
2022 жылғы 14 сәуірдегі №3 хаттама

К.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ қызметкерлерінің

Корпоративтік этика кодексі

K029-02-03.3.01 – 2022

Алматы 2022

АЛҒЫ СӨЗ

1 «К.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің» Корпоративтік даму департаментінде **ӘЗІРЛЕНДІ.**

2 К.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың құрылымдық бөлімшелерімен **КЕЛІСІЛДІ**

3 К.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі №3 шешімімен **БЕКІТІЛДІ.**

4 №3 редакциясының орнына **ЕНГІЗІЛДІ.**

МАЗМҰНЫ

	КОДЕКСТІҢ МИССИЯСЫ	4
	КӨРІНІС	4
1	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІ	4
2	ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	5
3	КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА НОРМАЛАРЫ	6
3.1	ҚазҰТЗУ-дағы іскерлік мінез-құлық этикасы	6
3.2	Қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық этикасы	7
3.3	Қызметкерлердің білім алушылармен өзара қарым-қатынас тикасы	7
3.4	Еншілес және тәуелді ұйымдармен қарым-қатынас этикасы	8
3.5	Іскерлік серіктестермен қарым-қатынас этикасы	8
3.6	Қоғаммен өзара қарым-қатынас этикасы	8
3.7	Құрылымдық бөлімше ұжымындағы ішкі қарым-қатынас этикасы	9
4	КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ ЭТИКАСЫ	9
4.1	Келіссөз жүргізу этикасы және қызметкерлердің сыртқы келбеті (дресс-код)	9
4.2	Корпоративтік іс-шаралар	10
5	ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ	10
6	МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ	11
7	ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ	12
8	ЖАУАПКЕРШІЛІК	12
	Өзгерістерді тіркеу парағы	13

КОДЕКС МИССИЯСЫ

К.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университетінің корпоративтік этика кодексі – мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз етуге қажетті басқарушылық құрал әрі іскерлік этика мен мінез-құлық нормаларын бірізді түсінуге мүмкіндік беретін негізгі тетік болып табылады. Бұл кодекс қызметкерлердің күнделікті жұмысына және университеттің жалпы қызметіне ықпал етеді.

КӨРІНІС

Корпоративтік этика кодексі – корпоративтік мәдениетті қалыптастырудың маңызды құралы. Ол корпоративтік басқару тиімділігін арттыруға және университеттің мүдделі тараптармен табысты өзара байланысын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Корпоративтік этика кодексі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, ҚазҰТУ-дың ішкі құжаттарының, соның ішінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы КЕАҚ-корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес әзірленген және корпоративтік этиканың негізгі құндылықтары мен қағидаларын, іскерлік қарым-қатынас нормаларын айқындайды.

Осы Кодекстің мақсаты – мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін іскерлік мінез-құлық тәжірибесін қолдану арқылы сапа мәдениетін дамыту, сондай-ақ стратегиялық маңызды шешімдер қабылдауда да, күнделікті жағдайларда да жоғары этикалық стандарттарға негізделген бірыңғай корпоративтік мәдениетті қалыптастыру.

ҚазҰТЗУ әрбір лауазымдық тұлға мен қызметкердің келесі негізгі корпоративтік құндылықтарды ұстануына сенім артады:

- еңбек қызметін жүзеге асыру барысында құзыреттілік пен кәсібилік;
- өз әрекеттерінде сенімділік пен бейтараптық;
- ҚазҰТЗУ дамуының стратегиясы – RoadMap-қа бағдарлануы; кәсіби шеберлік деңгейін арттыруда тиімділік пен нәтижелілігі;
- ҚазҰТЗУ-дың қызметіне қатысты әлеуметтік жауапкершілік, университеттің іскерлік беделін және кәсіби қауымдастықтағы оң имиджін сақтау мен арттыруға бағытталған іс-әрекет;
- ҚазҰТЗУ-да сенім мен әділеттілік атмосферасын қалыптастыруға ықпал ететін сенімді қарым-қатынас және жоғары мәдени-адамгершілік қасиеттер;

– заманауи талаптарға сәйкес өзгерістерге дайын болу, сондай-ақ тапсырмалар мен қызметтік міндеттерді орындауда динамикалық және шығармашылық көзқарас таныту;

– қызметкерлерге, мүдделі тараптарға және ҚазҰТЗУ-ға жалпы құрметпен және адалдықпен қарау.

ҚазҰТЗУ өз қызметін жүзеге асыру барысында:

– Қазақстан Республикасының заңнамасы, акционер шешімдері, мемлекеттік органдардың актілері, ҚазҰТЗУ қызметіне қатысты өзге де құжаттар талаптарын сақтайды;

– адам құқықтарын сақталды және құрметтеуді қамтамасыз етеді;

– сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік таныта отырып, әділ және адал әрекет етеді;

– лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге әділ, құрметпен және этикалық нормаларды сақтай отырып қарайды;

– мүдделі тараптармен барлық қарым-қатынастарының өзара тиімді болуына ұмтылады;

– қоршаған ортаға құрметпен қарайды және оны ұқыпты пайдалануды қамтамасыз етеді;

– кәсіби қызметін жоғары дәрежелі мамандар даярлау сапасымен, ғылыми жұмыстың нәтижелілігімен және қоғамда жоғары интеллектуалдық мәдениетті орнықтырумен өлшенетін нәтижеге бағыттайды.

Кодекс өзге ішкі құжаттармен бірге қолданылады және ҚазҰТЗУ Лауазымды тұлғалары мен Қызметкерлерінің қызметін реттейді.

2 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Кодексте келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) **ҚазҰТЗУ** – «Қ.И. Сәтбаева атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) **Іскерлік этика** - ҚазҰТЗУ, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өз қызметінде басшылыққа алатын іскерлік қарым-қатынасқа қатысты этикалық қағидалар мен нормалардың жиынтығы;

3) **Лауазымды тұлғалар** - Директорлар кеңесінің мүшелері, ҚазҰТЗУ Басқармасының мүшелері;

4) **Мүдделі тұлға** - заңнамада және Жарғыда көзделген құқықтарының жүзеге асырылуы Университеттің қызметімен байланысты тұлға;

5) **Кодекс** - корпоративтік этика кодексі;

6) **Мүдделер қақтығысы** - қызметкердің жеке мүддесі оның лауазымдық міндеттерін бейтарап орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай;

7) **Корпоративтік мәдениет** - бұл университетке тән құндылықтар, қағидалар, мінез-құлық нормалары мен қатынастардың жиынтығы;

8) **Қызметкер** - ҚазҰТЗУ-мен еңбек қатынастары бар және еңбек шарты бойынша тікелей жұмыс орындайтын тұлға;

9) **Тәртіптік комиссия** – ҚазҰТЗУ қызметкерлері мен білім алушылары тарапынан еңбек және оқу тәртібін нығайту, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының және еңбек заңнамасының сақталуын қарастыратын кеңесші-кеңестік орган.

ҚазҰТЗУ лауазымды тұлғалармен, қызметкерлермен және мүдделі тараптармен өзара қатынаста, сондай-ақ стратегиялық маңызды шешімдер қабылдау кезінде де, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер күнделікті кездесетін жағдайларда да осы Кодекс ережелерін қабылдайды және оларды басшылыққа алады.

Осы Кодекстің күші лауазымына қарамастан барлық қызметкерлерге таралады. Кодексті сақтау корпоративтік мәдениетті қалыптасу мен дамуына ықпал етеді, ҚазҰТЗУ-дың беделі мен абыройын нығайтады және болашақтағы табысты дамудың кепілі болып табылады.

3 КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА НОРМАЛАРЫ

3.1 ҚазҰТЗУ-дағы іскерлік мінез-құлық этикасы

Ұжымда қолайлы жұмыс ортасын құру және қолдау мақсатында Қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар келесі нормалар мен қағидаларды сақтауы тиіс:

- адамның және азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетін оның шығу тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дініне көзқарасы, сенімі, тұрғылықты жері немесе өзге де жағдайларына қарамастан құрметтеу;
- мемлекеттік және басқа тілдерге, барлық халықтардың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарау;
- сыпайы және әдепті болу, сонымен қатар немқұрайлық пен дөрекілікке төзбеушілік таныту;
- өзгенің пікіріне мұқият қарау және толық көлемде көрсетілмесе де, кез келген көмек үшін алғыс білдіру;
- сөз бен істің бірлігін қамтамасыз ету, уәделерді орындау; қателіктерін жасырмай, мойындау;
- жұмыс уақытында қызметтік міндеттерге қатысы жоқ істермен айналыспау;
- әріптестерге өз нашар көңіл-күйін көрсетпеуге; былапыт сөйлемеуге, ұстамсыздық пен агрессия көрсетпеу.
- өзге қызметкерлерге, лауазымды тұлғаларға және Университетке қатысты орынсыз мінез-құлық пен орынсыз пікірлерге жол бермеу;
- әріптестерге көмектесу, білім мен тәжірибемен бөлісу;

- әріптестердің жеке немесе кәсіби қасиеттерін олардың жоқтығында талқыламау;

- әрекет немесе әрекетсіздік арқылы Университетке, оның құрылымдық бөлімшелеріне, еншілес ұйымдарына немесе жеке қызметкерлеріне қаржылық, мүліктік, имидждік немесе өзге де зиян келтірмеу;

- университеттің корпоративтік поштасын міндетті түрде пайдалану, өзге байланыс әдістері қосымша сипатқа ие;

- қызметтік компьютерлерді кәсіби қызметке арналмаған мақсаттарда пайдаланбау;

- ақпараттық жүйелерге жауапты құрылымдық бөлімшенің ресми рұқсатынсыз компьютердің конфигурациясына өзгерістер енгізбеу. Компьютерлерді көшіру кафедраның материалдық жауапты тұлғасының рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

3.2 Қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық этикасы

ҚазҰТЗУ-дың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері қызметтен тыс уақытта:

- жалпыға ортақ моральдық-этикалық нормаларды ұстануға, қоғамға қарсы мінез-құлық көріністеріне жол бермеуге, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық моральға нұқсан келтіретін масаң күйде болмауға;

- қарапайымдылық танытып, өз қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

- қоғамдық моральға, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке қол сұғумен байланысты заң талаптарын бұзуға жол бермеуге, сондай-ақ өзге азаматтарды құқыққа қарсы, заңсыз және қоғамға қарсы әрекеттер жасауға тартпауға тиіс.

3.3 Қызметкерлердің білім алушылар контингентінің өкілдерімен өзара қарым-қатынас этикасы

Қызметкерлердің білім алушылар контингентінің өкілдерімен өзара қарым-қатынасы бағыныштылықты сақтау, тұлғааралық этиканы, әділдік пен адалдықты сақтау қағидаттарына негізделеді:

- қызметкерлер тарапынан білім алушылар контингентінің өкілдеріне моральдық және физикалық қысымның кез келген түрін қолдануға жол берілмейді;

- қызметкерлер өз құзыреті шеңберінде білім алушылар контингентінің өкілдерінде туындайтын мәселелер бойынша көмек көрсетуге міндетті;

- білім алушылардың (оның ішінде академиялық үлгеріміне қатысты) қадір-қасиетін қорлайтын кез келген әдістерге және оларды көпшілік алдында айыптауға тыйым салынады. Олардың мәртебесіне және жеке басының тиістілігіне қарамастан дәрекілікке көрсетуге, балағат сөз айтуға, ар-намысы мен қадір-қасиетті кемсітуге, моральдық немесе материалдық зиян келтіруге, сондай-ақ сондай-ақ құқыққа қарсы әрекеттер жасауға жол берілмейді;

– білім алушы контингентінің өкілдері арасында туындаған жанжалды немесе даулы жағдайларды шешу кезінде қызметкерлер осы Кодекс шеңберінде, жалпы этикалық нормаларды және азаматтық құқықтарды қорғайтын құжаттарды басшылыққа ала отырып қатысады;

– қызметкерлер мен білім алушылар контингентінің өкілдері арасындағы жанжалды жағдайларда мәселені екі тараптың да мүдделерін ескере отырып, тәуелсіз өкілдер арқылы шешеді;

– бақылау іс-шараларының нәтижелерін білім алушыға құпия жағдайда хабарлануы тиіс;

– білім алушыларды академиялық бағдарламада көзделмеген басқа жұмыстарға тартуға тыйым салынады;

– оқытушының сабаққа кешігуі жағдайында білім алушылардан кешірім сұрау қажет. Сабақ барысында оқытушының болмауына жол берілмейді;

– оқытушы барлық студенттерге қандай да бір өлшемдер бойынша артықшылық бермей, тең қарым-қатынас жасауға міндетті;

– білім алушылар туралы көпшілік алдында оң пікір білдіруі құпталады.

3.4 Еншілес және тәуелді ұйымдармен қарым-қатынас этикасы

ҚазҰТЗУ еншілес және тәуелді ұйымдарымен өзара қарым-қатынасты заң талаптарына, ҚазҰТУ-дың Жарғысына және ішкі құжаттарына, ҚазҰТЗУ-дың еншілес және тәуелді ұйымдарының жарғыларына, сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

3.5 Іскерлік серіктестермен өзара қарым-қатынас этикасы

ҚазҰТЗУ іскерлік серіктестермен өзара іс-қимылды шарттар/келісімшарттар талаптарына сәйкес өзара тиімділік, ашықтық және өзіне алған міндеттемелер үшін толық жауапкершілік қағидаттарына негіздей отырып жүзеге асырады және олар алдындағы міндеттемелерін орындайды.

Келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда, ҚазҰТЗУ келіссөздер мен ымыраға келуге басымдық береді, сондай-ақ серіктестердің барлық өтініштері, ұсыныстары мен және шағымдарын уақтылы әрі толық қарауға қамтамасыз етеді.

Іскер серіктестермен өзара қарым-қатынас кезінде ҚазҰТЗУ адал және еркін бәсекелестіктік принциптерін ұстанады және адал емес бәсекелестіктің кез келген түрін айыптайды, өйткені бұл тек беделге кері әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар серіктестердің ҚазҰТЗУ-ға деген сенімін төмендетуі мүмкін.

3.6 Қоғаммен өзара қатынас этикасы

ҚазҰТЗУ қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін сезіне отырып, қоғамдық ортаның ажырамас бөлігі ретінде әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге оң ықпал етуге ұмтылады:

– халықтың білім деңгейін арттыруға және өз құзыреті шеңберінде басқа да әлеуметтік бағдарламаларды қолдауға бағытталған жобаларды қолдайды;

– ҚазҰТЗУ қызметкерлерінің денсаулығын сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қоғамдық қатынастарды жетілдіру мақсатында қоғамдық, үкіметтік емес және басқа да ұйымдармен конструктивті қарым-қатынас орнатады.

Әлеуметтік жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасы, Жарғысы және ҚазҰТЗУ-дың ішкі құжаттары шеңберінде жүзеге асырылады.

3.7 Құрылымдық бөлімше ұжымы ішіндегі қарым-қатынас этикасы:

– әріптестік, ашықтық және өзге пікірге төзімділік рухы құпталады. Жеке басқа бағытталған негатив, сыртынан ғайбаттау, өсек тарату сынды әрекеттер кәсіби қызметпен мүлде үйлеспейді;

– біреуге, соның ішінде білім алушыларға қатысты дауысты көтеру қатаң түрде тыйым салынады;

– этникалық, жыныстық, жас ерекшелігіне, қаржылық немесе саяси көзқарасына байланысты қандай да бір артықшылықтар көрсетуге жол берілмейді;

– Университет аумағында кез келген партияны қолдайтын саяси үгіт-насихат немесе даулы саяси тақырыптағы пікірталастардан аулақ болу қажет;

– жұма күні жиналыс ұйымдастырудан аулақ болу ұсынылады. Құрылымдық бөлімше қызметкерлері жұмыс уақытында мешітке бару құқығына ие;

– жексенбіге жұмыс күні ауыстырылған жағдайда, қызметкер жұмыс уақытында діни ғибадат орындарына (синагога, шіркеу) бару құқығына ие.

4 КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ ЭТИКАСЫ

4.1 Қызметкерлердің келіссөздер жүргізу этикасы және сыртқы келбеті. Dress code

Қызметтік міндеттерін орындау барысында Қызметкерлерге мыналар ұсынылады:

– киім мен аяқ киім таңдауда ҚазҰТЗУ-дың абыройлы әрі кәсіби имиджін қолдайтын іскерлік стиль нормаларын ұстану;

– ұқыпты сыртқы келбетті сақтау, ауызша және жазбаша сауатты тіл қолдану, тұрпайы сөздер мен сленгті пайдалануға жол бермеу;

– келіссөздер жүргізу мәдениетінің қағидаларын, оның ішінде телефон арқылы сөйлесу әдебін сақтау. Іскерлік келіссөздер сабырлы әрі сыпайы түрде жүргізілуі тиіс;

– әріптестермен және іскерлік серіктестермен телефон арқылы ҚазҰТЗУ туралы жағымды әсер қалыптастыруға ықпал ететін мәнерде

сөйлесе білу. Сонымен қатар телефонмен сөйлесу кезінде бір бөлмеде әріптестер болуы мүмкін екенін ескеріп, олардың жұмысына құрметпен қарап, қатты дауыспен сөйлеп кедергі келтірмеу;

– іскерлік хаттарды, оның ішінде электрондық пошта және электрондық құжат айналымы арқылы жолданатын хаттарды дайындау кезінде ақпаратты нақты, ықшам, сауатты және сыпайы түрде баяндауды қамтитын іскерлік хат жазу ережелерін сақтау.

4.2 Корпоративтік іс-шаралар

Корпоративтік мәдениетті қалыптастырудың маңызды элементтерінің бірі – ұжымда мерекелік іс-шараларды өткізу болып табылады. Дәстүрлі корпоративтік мерекелерге ұлттық, мемлекеттік, кәсіби, діни және өзге де мерекелер жатады. Мерекелік іс-шаралар Университет аумағында да, одан тыс жерлерде де (қала сыртына, табиғат аясында) өткізілуі мүмкін. Жекелеген жағдайларда басшылықтың бастамасымен ҚазҰТЗУ қызметкерлерінің отбасы мүшелері шақырылуы мүмкін.

Корпоративтік іс-шараларға конференциялар, спорттық жарыстар, белсенді корпоративтік демалысқа арналған іс-шаралар жатады.

5 ҚҰПИЯЛЫҚ

ҚазҰТЗУ-дың құпия ақпараты деп Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚазҰТЗУ-дың ішкі құжаттарына сәйкес құпия ақпарат ретінде жіктелген мәліметтер танылады.

Қызметкерлердің, оның ішінде Лауазымды тұлғалардың иелігіндегі құпия сипаттағы кез келген мәліметтер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше тікелей көзделмесе, құпия сақталуға тиіс.

ҚазҰТЗУ-дың құпия ақпаратына қол жеткізу құқығы бар қызметкерлер оны мұндай ақпаратқа қолжетімділігі жоқ басқа қызметкерлерге, сондай-ақ кез келген үшінші тұлғаларға жария етпеуі тиіс. Мұндай шектеулер ҚазҰТЗУ-дың ішкі құжаттарында белгіленген мерзім ішінде қызметкер жұмыстан босатылғаннан кейін де қолданылады.

Жұмыс күні ішінде және оның соңында, қызметкер жұмыс орнынан кетер кезде, өзінің жұмыс үстелінде немесе басқа да оңай қолжетімді жерде құпия ақпаратты қамтитын құжаттардың қалмағанына көз жеткізуі қажет. Мұндай барлық құжаттар шкафтарда немесе жәшіктерде кілтпен жабылып сақталуы, ал компьютер өшірілуі немесе бұғатталуы тиіс. Қызметкердің жұмыс орнында серіктестермен әңгімелесу барысында компьютер экранындағы ақпаратты қоса алғанда, барлық құпия ақпарат әңгімелесушіге визуалды түрде қолжетімсіз болуы тиіс.

Құпия ақпарат (электрондық, жазбаша немесе өзге де түрде) басшылықтың тиісті тапсырмасынсыз ҚазҰТЗУ аумағынан тыс жерге шығарылмауы тиіс. Қызметкер жұмыстан босатылған кезде ҚазҰТЗУ-ға

ҚазҰТЗУ туралы ақпаратты немесе кең ауқымды тұлғаларға арналмаған ақпаратты қамтитын барлық құжаттарды, файлдарды, компьютерлік тасымалдаушыларды, есептер мен жазбаларды, сондай-ақ осындай ақпаратты қамтитын құжаттардың барлық көшірмелерін тапсыруға міндетті.

6 МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

ҚазҰТЗУ-дың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өздерінің кәсіби функцияларын ҚазҰТЗУ мен Жалғыз акционердің мүдделері үшін адал әрі ұқыпты түрде орындай отырып, мүдделер қақтығысынан аулақ болуы тиіс.

Мүдделер қақтығысы – қызметкердің жеке мүддесі Қоғамдағы лауазымдық міндеттерін бейтарап орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай ретінде айқындалады.

Қоғам Директорлар кеңесінің өз міндеттерін объективті орындауына кедергі келтіретін мүдделер қақтығысының алдын алу және Қоғамның Директорлар кеңесі қызметіне саяси араласуды шектеу мақсатында олардың алдын алу және реттеу тетіктерін енгізеді.

Мүдделер қақтығысын анықтау және оны тиісінше реттеу Жалғыз акционердің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

Мүдделер қақтығысының алдын алу мақсатында ҚазҰТЗУ-дың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері және/немесе олардың аффилиирленген тұлғалары:

- ҚазҰТЗУ-дың корпоративтік ресурстары, басшылығы, қызметкерлері, өз лауазымдық жағдайы және/немесе қызметтік міндеттерін орындау барысында алған ақпарат арқылы берілген мүмкіндіктерді жеке мүддесіне немесе жеке пайда табу үшін пайдаланбауы тиіс;

- ҚазҰТЗУ мен өзінің, сондай-ақ кез келген аффилиирленген тұлғасының арасындағы кез келген қатынастар бойынша мәселелерді қарау мен шешім қабылдауға тікелей қатыспауы тиіс;

- әлеуетті түрде мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін кез келген қызметке қатыспауы тиіс;

- туындаған мүдделер қақтығыстары қолданыстағы заңнама шеңберінде, қақтығысқа қатысушы тараптардың заңды мүдделерін ескере отырып шешілуі үшін барлық күш-жігерін салуға міндетті;

- ҚазҰТЗУ-дағы қызметіне байланысты кез келген үшінші тұлғалардан сыйлықтар қабылдамауы немесе қандай да бір артықшылықтарды пайдаланбауы, сондай-ақ функционалдық міндеттерін орындағаны үшін көтермелеу ретінде қандай да бір табыс немесе пайда алмауы тиіс. ҚазҰТЗУ жалпыға ортақ әдептілік пен қонақжайлылық нормаларына сәйкес келетін символдық назар белгілері мен символдық сувенирлерді, сондай-ақ хаттамалық және өзге де ресми іс-шаралар барысында берілетін сыйлықтарды

қоспағанда, сыйлықтар қабылдауға немесе артықшылықтар алуға жол бермейді.

ҚазҰТЗУ-да мүдделер қақтығысын реттеу осы Кодекспен және ҚазҰТЗУ-дың өзге де ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

7 ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ

ҚазҰТЗУ-дың Тәртіптік комиссиясы Университеттің қызметкерлері мен білім алушылары тарапынан еңбек және оқу тәртібін нығайту, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және еңбек заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету мәселелерін қарайтын консультативтік-кеңестік орган болып табылады.

Тәртіптік комиссияның негізгі функциялары ҚазҰТЗУ-дың ішкі тәртіп ережелерін, оның ішінде Корпоративтік этика кодексін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы және еңбек заңнамасын сақтамау туралы мәліметтерді қарау болып табылады.

Тәртіптік комиссия құқылы:

- келіп түскен өтініштер негізінде де, өз бастамасы бойынша да Кодекс ережелерін бұзу фактілерін анықтау рәсімдерін бастамалауға;

- Кодексті сақтамау мәселелері бойынша қызметкерлерге және лауазымды тұлғаларға тікелей жүгінуге.

Тәртіптік комиссия:

- Кодексті сақтамауға қатысты мәселелерді қарау барысында қатысады;
- Кодексті сақтамау мәселелері бойынша дауларды қарау кезінде тәуелсіздік пен бейтараптықты сақтайды;

- Кодекс ережелерінің бұзылуы фактісі бойынша жүгінген қызметкердің немесе лауазымды тұлғаның (егер аноним болып қалуды қалаған жағдайда) құпиялылығы мен анонимдігін қамтамасыз етеді.

8 ЖАУАПКЕРШІЛІК

ҚазҰТЗУ-дың барлық қызметкерлері атқаратын лауазымы мен мәртебесіне қарамастан басқарушылық шешімдерді Корпоративтік этика кодексінің талаптарына қатаң сәйкес қабылдауға міндетті.

Әрбір лауазымды тұлға мен қызметкер өзінің мінез-құлқы шеңберінде этикалық нормалардың сақталуына жауапты. Осы Кодекстің нормаларын сақтау ҚазҰТЗУ-дың барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін міндетті болып табылады. Осы Кодекс нормаларын бұзу белгіленген тәртіпке сәйкес тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғады.

Осы Кодекске сәйкес этикалық нормалардың бұзылуының барлық фактілері Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Университеттің ішкі актілерінің талаптарына сәйкес қаралуы тиіс.

Өзгерістерді тіркеу парағы _____

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (ауыстыру, жою, қосу)	Хабарлама нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Аты-жөні, қолы. лауазымы